

Клиентке Арналған Ақпарат: Әуежайлардағы Бизнес-Залға Кіру



1-қадам.

Кіруге рұқсат етілген жерлерді қараңыз

- Ресейге немесе Қытайға сапарға шығар алдында Банктің мобильді қосымшасына кіріп, өзіңізге және қонақтарыңызға кіруге болатын орындар санының жалпы мөлшерін тексеріңіз.
- Қосымшада Lounge Key (LK) және Every Lounge бағдарламалары бойынша кіруге болатын орындар көрсетіледі.

Lounge Key бағдарламасы Mastercard ұсынатын артықшылықтардың бірі ретінде Сізге бүкіл әлем бойынша бизнес-залдарға шексіз іру мүмкіндігін береді. Every Lounge бағдарламасы Ресей мен Қытай әуежайларындағы залдарға кіруге мүмкіндік береді.

2-қадам.

LoungeKey бағдарламасын пайдалануды таңдасаңыз

- App Store | GooglePlay арқылы Lounge Key қосымшасын жүктеп алыңыз
- қосымшадан қажетті әуежайды, терминалды және күту залын табыңыз, ұшу түрін (ішкі немесе халықаралық) ескеріңіз.

2-қадам.

Every Lounge бағдарламасын пайдалануды таңдасаңыз

- App Store | Google Play арқылы Phoenix Pass қосымшасын жүктеп алыңыз
- қосымшадан қажетті әуежайды, терминалды және күту залын табыңыз, ұшу түрін (ішкі немесе халықаралық) ескеріңіз.

3-қадам.

Картаңызды тексеріңіз

- картаның бұғатталмағанын және интернетте төлем жасауға болатынын тексеріңіз
- картада кемінде 1\$ (баламасы) болуы қажет
- кіруге 35 күн қалғанда карта бойынша жасалған сауда сомасы 150 000 теңгеден көп болуы керек

3-қадам.

QR-кодты жасау үшін Банкке жүгініңіз

- Банктің мобильді қосымшасындағы чат арқылы немесе жеке менеджеріңізге өтінім жіберіп, төмендегілерді көрсетіңіз:
 - Қала
 - Әуежай және терминал
 - Бизнес-залдың атауы
 - Қасыңыздағы қонақтардың саны
- өтінім өңделгеннен кейін Банктің мобильді қосымшасындағы чат арқылы немесе жеке менеджеріңізден хабарлама аласыз. Хабарламада QR-код, тапсырыс нөмірі, бизнес-залдың атауы болады.

Назар аударыңыз!
QR-код пен тапсырыс нөмірі ресімделген сәттен бастап 30 күнге жарамды.

4-қадам.

Бизнес-залдың тіркеу қызметіне жүгініңіз

- ұшу талонын және төлқұжатыңызды көрсетіңіз
- LK қосымшасындағы QR-кодты немесе төлем картаңызды көрсетіңіз

4-қадам.

Бизнес-залдың тіркеу қызметіне жүгініңіз

- ұшу талонын және төлқұжатыңызды көрсетіңіз
- QR-кодты көрсетіңіз
- тапсырыс нөмірін айтыңыз